

Б.Р. Құлжанова¹ , М.Ж. Мырас^{1*} 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: myrasova0210@mail.ru

ТІЛІМІЗДЕГІ БАЙЫРҒЫ ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ФОНО-МОРФО-СЕМАНТИКАСЫ

Аннотация. Сөз таптарының көшін бастап тұрған зат есім тіл білімі саласында қашан да зерттеуді қажет етті. Соның ішінде байырғы зат есімдердің жалпылама лексикалық сипатынан бастап, дыбыстық тек тамырын нақтылап, қазіргі тіліміздегі сөздердің дыбыстық яки фонетикалық, семантикалық ерекшеліктеріне фоносемантикалық және фоно-морфо семантикалық құбылыстың тигізер әсерін тану зерттеуді қажет етті. Бірқатар зат есімдер сыртқы түрін өзгерткенімен, қазақ тілінде ішкі семантикалық мазмұнын сақтап қалады. Керісінше, зат есімдердің тағы бір тобы сыртқы түрін өзгертпей, ішкі лексикалық құрамы өзгереді. Кейбіреулері ескі мағыналарын жоғалтып алса, енді біреулері жаңа лексикалық мағыналар қосады. Зерттеушілердің айтуынша, зат есім көне түркі жазба ескерткіштерінде қолданылған. Орхон-Енисей ескерткіштерінің фонетикалық және морфологиялық, семантикалық ерекшеліктерінің өзіндік жүйесі бар. Жеке сөздерді дұрыс оқу және аудару үшін көптеген түзетулер жасайды. Ескерткіштегі дыбыстардың жазылу ерекшеліктеріне ғалымдар жан-жақты түсінік те берген. Фонетикалық және грамматикалық құрылымға тоқталады. Мақалада байырғы зат есімдердің фоно-морфо семантикалық сипаттары ортағасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі зат есімдердің қазіргі қазақ тілі тұрғысынан айқындалуы қарастырылады. Сонымен қатар, байырғы сөздер туралы ғылыми тұжырымдамалар жинақталып, Мархабат Томанов, Берікбай Сағындықұлы, Жамал Манкеева, т.б. сынды қазақ тіл білімінің зерттеуші ғалымдарының пікірлері негізге алынды.

Тірек сөздер: зат есім, мағына, уәждеме, семантика, фонсемантика, ежелгі жазбалар, тіл, байырғы.

Б.Р. Кулжанова¹, М.Ж. Мырас^{1*}

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: myrasova0210@mail.ru

ФОНО-МОРФО-СЕМАНТИКА ИСКОННЫХ СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫХ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. Существительные, которые являются ведущими группами слов, всегда нуждались в изучении в области лингвистики. В частности, необходимо было изучить влияние фоносемантических и фонеморфо-семантических явлений на фонетические или фонетические, семантические особенности слов в современном языке. Напротив, другая группа существительных не меняет своего внешнего вида, а меняет

свой внутренний лексический состав. Некоторые потеряли свои старые значения, а другие добавляют новые лексические значения. По мнению исследователей, существительное использовалось в древнетюркских надписях. Орхон-енисейские памятники имеют свою систему фонетических, морфологических и семантических признаков. Вносит множество настроек для правильного чтения и перевода отдельных слов. Ученые также подробно объяснили особенности записи звуков в памятнике. Ориентирован на фонетическую и грамматическую структуру. В статье рассмотрены фonomорфосемантические характеристики древних существительных и определение существительных в языке средневековых письменных памятников с точки зрения современного казахского языка. Кроме того, были обобщены научные концепции коренных слов, за основу взяты мнения ученых-исследователей казахского языкознания, таких как Мархабат Томанов, Берикбай Сагындыкулы, Жамал Манкеева и др.

Ключевые слова: существительное, значение, мотивация, семантика, фонсемантика, древние писания, язык, исконные.

B.R. Kulzhanova¹, M.Zh. Myras*¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: myrasova0210@mail.ru

PHONO-MORPHO-SEMANTICS OF THE ABORIGINAL NOUNS IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. Nouns, which are the leading groups of words, have always needed to be studied in the field of linguistics. In particular, it was necessary to study the influence of phonosemantic and phonomorphic-semantic phenomena on the phonetic or phonetic, semantic features of words in the modern language. On the contrary, another group of nouns does not change its appearance, but changes its internal lexical composition. Some have lost their old meanings, while others add new lexical meanings. According to researchers, the noun was used in ancient Turkic inscriptions. Orkhon-Yenisei monuments have their own system of phonetic, morphological and semantic features. Introduces many settings for correct reading and translation of individual words. Scientists also explained in detail the peculiarities of recording sounds in the monument. Focuses on phonetic and grammatical structure. The article discusses the phonomorphosemantic characteristics of ancient nouns and the definition of nouns in the language of medieval written monuments from the point of view of the modern Kazakh language. In addition, scientific concepts of indigenous words were generalized, the opinions of scientists-researchers of Kazakh linguistics, such as Marhabat Tomanov, Berikbai Sagyndykuly, Zhamal Mankeeva, etc. were taken as a basis.

Keywords: noun, meaning, motivation, semantics, phonosemantics, ancient writings, language, ancient.

Кіріспе

Зат есім деп жалпы грамматикалық мағынада зат есім ұғымын білдіретін сөздерден тұратын, олардың сандық, тәуелдік, себеп категориялары бар, баяндауыш қызметінде тұлға категориясының көрсеткіштеріне қарай түрленетін сөздер тобын атайды. Зат есім ұғымы – зат есімнің лексикалық мағыналарынан абстракцияланған барлық зат

есімдерге ортақ мағына. Лексикалық зат есімдерге байырғы зат есімдер, сонымен қатар басқа тілдерден енген зат есімдер, бастапқы мағыналық мағынасы немесе кеңеюі, қысқаруы немесе ауысуы бар жаңа есімдер, сондай-ақ басқа сөздік қорлардан субстанциялану арқылы жасалған зат есімдер жатады. Зат есім – зат, жаратылыс атауларын қамтитын, сөйлемде субъект және объект ретінде көрінетін сөздің мәнді (тәуелсіз) мүшесі.

Материал және әдістер

Зерттеуші ғалым М.Томанов «Диуану лұғат – ат түрк» сөздігінде зат есімдерге ерекше тоқталады. Е.Н. Наджибтің «XIV ғасырдағы түркі тілдес ескерткіш «Гүлстан», «С. Сарай және оның тілі» монографиясы 1975 жылы Алматыда жарық көрді. «Гүлстан бит – турки» ескерткіші тілінде кездесетін зат есімдердің барлық категорияларына назар аударылады. Олардың негізгі ерекшеліктерін ашып, өзінің ғылыми тұжырымдамасын ұсынған. Әр пікірін дәлелдей отырып, жәдігерлерден көптеген мысалдар келтіреді. 1980 жылы академик ғалым А.Кононовтың «Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілін жан-жақты талдауға қатысты» монографиясы жарық көрді. Сөзжасамға да, зат есімнің қосымшаларына да көп көңіл бөлінеді. Ол әрбір грамматикалық форманы зерттей отырып, оның этимологиясына ерекше мән береді. Ғалым өзінен бұрынғылардың барлық жаңалықтарын жан-жақты пайдаланғаны байқалады. Сонымен, ескерткіштер тілін зерттеудің қай саласы болмасын, олардың барлығы дерлік көне дәуірдің грамматикалық категорияларын анықтауға, әрқайсысының формалары мен мағынасын сипаттауға бағытталған. Бұрынғы зерттеулермен салыстырғанда бізде басқа бағыт – дәлірек айтсақ, көрнекті түркітанушы Е.Н.Наджиб белгілеген бағытты ұстанамыз. Қазіргі түркі тілдерінің барлығын, олардың диалектілерін әрбір ескерткіштің тілімен мұқият салыстыру қажет екенін айтып өткіміз келеді. Барлық ұлт өкілдерінің белсенді қатысуынсыз зерттеу нәтижелі болмайды. Осынау ұлы міндеттерді шешу үшін қазақ тілін ескерткіштер тілімен мұқият салыстырып, талдау керек. Әрбір тілдік категорияға жеке тоқталып, іргелі зерттеулер жүргізу маңызды. Уақыттың үздіксіз өтуіне байланысты тіл де үздіксіз даму үстінде болады. Оның фонетикасында, морфологиясында, синтаксисінде, семантикасында көптеген өзгерістер мен ерекшеліктер бары сөзсіз. Мұндай өзгерістер мен ерекшеліктерді көне түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі тілдерді салыстыру кезінде байқауға болады (Құлжанова, 2013: 10). Қазіргі тіл білімінде «көне сөздер», «тарихи сөздер» деген ұғым бар. Ежелгі, тарихи сөздерді бүгінгі күнгі адамдар түсіне бермейді, өйткені олар – көне заманның құбылысы. Бұл атаулардың біразы қазіргі тілдің сөздік қорынан мүлде жойылып кеткенімен, едәуір бөлігі белсенді сөздік құрамнан енжар сөздікке көшкен. Көбіне мұндай түсініксіз сөздер көне түркі жазбаларын оқу барысында кездеседі. Қазіргі тілдердегі байырғы сөздерге қарағанда, олар өз заманында жиі қолданылып, архаизмге айналмаған. Олай болса, ескерткіштер тіліндегі қазіргі оқырманға түсініксіз байырғы зат есімдер тек қазіргі заман аясында ғана архаикалық болып көрінетін лексикалық құрылымдар, Көне түркі жазба ескерткіштерінің сөздік қорында қазіргі қазақ тілінде азды-көпті кездесетін сөздерді «көне сөздер», «байырғы сөздер» деп атайды. Бұл орта ғасырларда «ескірген» деген сөздерді білдірмейді. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан алғанда байырғы зат есімдерді 1) қазақ тілінің сөздік құрамында кездесетін байырғы есімдер, 2) қазақ тілінің сөздік құрамынан мүлдем шығып кеткен байырғы зат есімдер деп бөлуге болады. Қазақ тілінде кездесетін байырғы зат есімдерді алты топқа

бөлік: 1) қазіргі тілдерде түбірі де, жұрнағы да жұмсалғанымен тіркесу қабілетінен айырылған атаулар; 2) фонетикалық өзгерістерге байланысты ескірген дыбыстық формасы бар сөздер; 3) қазақ тіліндегі көне түрік келбеті сақталғанымен, мағынасы сәйкес келмейтін (лексикаландырылған) сөздер; 4) тірі түбір мен өлі жұрнағы бар зат есімдер; 5) өлі түбір мен жұрнағы бар зат есімдер; 6) лексикалық мағынасы түсініксіз болғанымен, этимологиясын болжауға болатын зат есімдер.

Әдебиетке шолу

Лингвистикада барлық сөздерді лексикалық және грамматикалық топтарға бөлу дәстүрі бар екені мәлім. Грамматика теориясының мамандарының бірі О.П. Суник өзінің зерттеу еңбектерінде былай деп жазады: «Сөз таптарының жалпы теориясы таза практикалық мәселелерді шешу үшін және ең алдымен өмір сүріп отырған тілдердің толыққанды ғылыми грамматикаларды жасау үшін қолданылады». Ғылыми қоғамдастық мойындаған осындай қағидаларды басшылыққа ала отырып, біз де XI-XII ғасырлардағы түркі жазба мұралары тіліндегі байырғы немесе негізгі зат есімдерді – «Құтадғу билігі» және «Ғибат-ул хақайық» ескерткіштерінің, фонетикалық-морфологиялық, семантикалық жүйелерін қарастыруды жөн көрдік. Тілші-ғалым А.Ысқақов: «Материя ұғымына күнделікті өмірде болып жатқан қарапайым нәрселер ғана емес, сонымен қатар табиғатта, қоғамдық өмірде кездесетін көптеген құбылыстар мен оқиғалар, идеялар мен ұғымдар жатады». Тіл – лексикалық құрамы өте бай, грамматикалық құрылымы аса күрделі зат есім болып саналады. Ол атаулардың өзінде жеке дербес қолданылады. Қалған зат есімдер тек зат есімнің төңірегінде топтасып келіп, тек соған қатысты айтылады. Зат есімдер ерекше үлкен семантикалық категория болып табылатыны белгілі. Морфологиялық зерттеулердің алғашқы жетістіктерінің бірі – 1967 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы» атты жинақта жүйелі түрде тереңінен қарастырылған. Бұл академиялық грамматика кейіннен теориялық тұрғыдан айтарлықтай жаңартылып, қазіргі ғылым жетістіктерімен толықтырылып, 2002 жылы «Қазақ тілінің грамматикасы» деген атпен жарық көрді. Соңғы аталған еңбектердің барлығында зат есім категориясы туралы мәліметтер жеткілікті түрде қарастырылды. К.Ахановтың 1972 жылы жарық көрген «Грамматиканың теориялық негіздері» еңбегі құнды ғылыми зерттеу болып табылады. Көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі зат есімдер шетелде де, қазақ тіл білімінде де толық зерттелмеді дей аламыз. Көрнекті түркітанушы ғалым А.Щербак 1961 жылы «X-XIII ғасырлардағы түркі мәтіндерінің тіліндегі грамматикалық очерк» ғылыми зерттеуінде морфологияға бір тарауын арнаған болатын. Еңбекте түркі тілінің морфологиялық ерекшеліктері сан қырлы зерттеуден өткенін байқаймыз және автордың ұтымды ойлары да айтылған. Зерттеуге Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу билігі», Ахмед Йүгнекидің «Ғибат-ул хақайық», Махмұд Қашқаридің «Дивану лұғат-ит түркю», Рабғузидің «Қисас-ул-анбиясы», «Оғыз-наме» және т.б. Сонымен қатар, ескерткіштер нысан ретінде қабылданып көрініс тапқан.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ тілінің сөздік құрамынан мүлде шығып кеткен байырғы зат есімдер:

1) барлық түркі тілдерінің сөздік құрамына кірмейтін байырғы зат есімдер; 2) байырғы зат есімдер тілдің белгілі бір тобында ғана сақталған. Дегенмен бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді. Барлық түркі тілдерінен енген сөздерді немесе белгілі бір тілдер тобында ғана сақталған сөздерді анықтау оңай шаруа емес. Ғалым Б.

Сағындықұлы түркі тілдерінің белгілі бір тобында сақталған сөздерді үшке бөледі: 1) оғыз тобындағы тілдерге ғана тән сөздер. Мысалы, мыс (мыс), құл (құл), таңсұқ (тансық), үркі (үрку), сүңгу (көң) т.б. (Сағындықұлы, 1987: 12-13). Тілдердің үлкен тобына қатысты ұқсас сөздер «Құтадғу билиг» және «Ғибат-ул-хақайық» ескерткіштерінің тілінде де кездеседі. Енді осы ескерткіштер тіліндегі бірқатар байырғы сөздерді қазіргі қазақ тілі тұрғысынан талдауға да болады.

XI-XII ғасырлардағы түркі әдеби тілі ескерткіштері мен қазіргі қазақ тіліне ортақ зат есімдердің барлығы айырмашылықтарымен салыстырғанда фонетикалық жағынан әлдеқайда ұқсас екені анық. Сайып келгенде, атаулар арасындағы дыбыстық өзгерістер үлгілерге қарай топтастырылады. Біріншіден, орта ғасырларға дейін және одан кейін көптеген ғасырлар бойы африкаттардың ыдырауы нәтижесінде сөздің басында, ортасында және соңында көптеген дауыссыз дыбыстар қалыптасқан. Фонетикалық өзгерістерге байланысты байырғы зат есімдердің де өзіндік ерекшеліктері бар. Тарихи ескерткіштерде жоғарыда сипатталғандай бірқатар туынды сөздердің түбірі мен жұрнағы қазіргі тілдерде жиі қолданылғанымен, байланысу қасиетін жоғалтқандықтан байырғы зат есімдер қатарына енген. Қазір көптеген зат есімдер көне болып саналады, өйткені олардың сыртқы түрі танымастай өзгерді. Әйтпесе, олардың лексикалық мағыналары бұрынғы мен қазіргі заман тұрғысынан бірдей. Мұндай сөздерді ескірген деп атауға болады, бірақ олардың мағынасы сақталған (Керімұлы, 1999: 7). Мысалға алып қалар болсақ, ғалымның пікірі бойынша, шату зат есімін қазіргі оқырманға түсініксіз ететін жалғыз дыбыстар *-ш* және *с*, *у* және *ы* дыбыстарының сәйкестігі. Көне түркі және ортағасырлық ескерткіштерде екі, үш буынды және көп буынды сөздердің құрамында кездесетін *у* дауысты дыбысы сайып келгенде қазақ тілінде басым дауысты дыбысқа айналған. Осы үлгінің нәтижесінде ескі тіл мен жаңа тілдің айырмашылығын көрсететін шату сөзі кезең-кезеңімен пайда болды. Бірақ лексикалық мағынасы бірдей. Сөздердің мағыналары семантикалық тұрғыда уақыт өткен сайын өзгеріп отырады. «Әдетте қоғамның дамуы, әрине, болмыс, қоршаған орта, материя, құбылыс туралы түсініктердің жаңаруына, тереңдеуіне, өзгеруіне, сайып келгенде, кеңеюіне әкеледі. Сөз мағынасының кеңеюі мен өзгеруінің негізгі себептерінің бірі – сөз ұғымның өзгеруі екенін айта кеткен жөн» (Сағындықұлы, 2002: 95). XI-XII ғасырлардағы жазба ескерткіштер тілінде сөздердің қаншалықты өзгеріп, кеңейгенін қазіргі тілдермен салыстырғанда ғана байқауға болады. «Құтадғу білік» және «Ғибат-ул-хақайық» ескерткіштерінің тіліндегі зат есімдер тобының кеңею барысы әртүрлі зерттеу нәтижелерінен көрінеді. Тарихи ескерткіштер тіліндегі кейбір есімдердің ауыспалы мағыналары қазіргі қазақ тілінде де бар. Сонымен қатар тілімізге мынадай мағыналар қосылады:

1. Дыбыс мүшелерінің бірі, артикуляциялық аппарат. 2. Бір сөздің әртүрлі мағыналарының дамуы метафоралардың, метонимиялардың, синекдохалардың қатар қатысуы арқылы жүреді. Мысалы, тарихи ескерткіштерде ерін сөзі метонимия әдісімен, ал адам сөзі синекдоха әдісі арқылы түсініледі. Қалған мағыналар метафораға негізделген. Олардың мағыналары ежелгі дәуірде де, біздің заманымызда да кеңейді. Жарық: адамзат жарықты қараңғылықты жоятын физикалық құбылыс деп түсінеді. Бұл сөздің мағынасы тарих бойы білімнің өсуіне байланысты кеңейді. 1. Бір нәрсенің сәулесі мағынасында. 2. Ашық көрінетін табиғи болмыс мағынасында. Қараңғы түн жарық күнді дүниеге әкелді. 3. Бір нәрсенің нұры деген мағынада. Бұл мағыналардың барлығы қазіргі қазақ тілінде де бар. Метафоралық теңеу негізінде бұл сөзге кейіннен

үміт, қызығу, жақсылық деген жаңа мағына қосылып: «Алға қадам бассан, өмір бар, көретін нұр бар» Мағынасы кең, мағыналы сөздердің бірі. Мәтінмәндік мағыналар қай сөз қолданылғанына байланысты үнемі өзгеріп отырады. Белгі – қазақ тіліне ортақ бұл сөздің тура мағынасы есте қалатын дара ерекшелік. Белгілер – бұл жолда жиі есте қалатын табиғи нысандар немесе әртүрлі арнайы белгілер. Тарихи ескерткіштерде заттық мағынаға қарағанда сөздің идеялық-абстрактілі мағынасы дамыған. 1. Белгілі бір құбылыстың символы мағынасында. 2. Хабар, ишарат мағынасында.

Сонымен қатар қазақ тілінде өзіндік даму заңдылықтары негізінде пайда болған бірнеше мағыналар бар. 1. Танба. Белгіміз қызыл, – деп Мәмбет кеудесіндегі қызыл таспаны көрсетті. 2. Біреудің немесе тарихи маңызы бар оқиғаның құрметіне қойылған ескерткіш. 3. Естелік бұйымдар, көздер. Сол сапарында белгі ретінде өзімен бірге тақия мен шапан алып жүреті болдым. 4. Бір нәрсенің ізі, жұрнағы G. Өткеннің белгісі жоқ (мақал). Сөздің басқа да көптеген фразеологиялық, стильдік және коннотативтік мағыналары бар. Мәселен, қол сөзі адам денесінің бір нәрсені ұстап тұратын және оған жұмыс істейтін бөлігі. XI-XII ғасырлардағы ескерткіштер тілінде бұл ұғымның толық қалыптасып, қолданылғаны анық байқалады. 2. Бір нәрсенің бұтағы, қолтығы мағынасында. Орхон-Енисей ескерткіштерінде және басқа да ортағасырлық жазба ескерткіштерде бұл сөздің басқа ауыспалы мағыналары кездеспейді. Қазақ тіліндегі бүтіннің орнына бөлшекті ауыстыру тәсілі осы тұлғадан әскер, жасақ, жауынгер дегенді білдіретін жаңа сөз тудырған. Соңғы лексема омонимге айналған. Амангелді қолына қосылу үшін Торғайға қарай бет алды. Бұл сөздің одан әрі де мағынасы кеңейі мүмкін. Ал, күн сөзіне келер болсақ, ежелгі дәуірлерде ата-бабаларымыз күнді әлемге жарық, қыз беретін аспан денесі деп түсінсе, қазір де бұл ұғым-түсінік өзгеріске ұшыраған жоқ. Күндізгі мезгілді – тауық ату мен күннің батуы аралықғындағы уақытты да – күн деп атайды. Бұл – күннің планета мағынасымен жарысып жүрген туынды номинативті (тура) мағынасы. Мағына тарихы ескерткіштерде де, тілде де бірдей. 1. Күн тоғды қамуғ ұза яруқ болттар (Күн шықты, барлық дүние жарық болды); (Күнін кетіріп, қараңғы түн етеді). 2. Күн йема түн ем елу бардымыз ДТС 326 (Күн демей, түн демей зымырап өтіп бардық); Қазақ тілінде бұлдардан бөлек мынадай ауыспалы мағыналардағы зат есімдер бар. 1. 24 сағатқа тең уақыт, тәулік. Екі-үш күн тынықты, қандер атты, т.б. 2. Уақыт, мезгіл, кез, дәуір. Сен келетін күні, аралар күнін жеті алмай қалма (Өзекі сүйлеу тілінен). 3. Өмір, тіршілік. Өз күнін өзі көру, күні күн емес. Ал ендігі қалқан сөзі көне түркі жазба ескерткіштерінің барлығында бір ғана мағынада – тура мағынасында қолданылған: батырлардың, жауынгерлердің соққы, оқ дарытпау үшін ұстаған қорғаныс құралы. *Қықып атығ Қалқан кемшалым сүнүн чумшалым*. Тарихи сөз ретінде тарихи шығармаларда қана пайдаланылады. Десе де, осы сөздің семантикалық өрісінен туындаған мағыналарды көркем әдебиеттерден, әртүрлі ақпараттық құралдардан өте жиі кездестіруге болады. 1. Бөгет, тосқауыл деген мағынада. 2. Құлақтың қалқиған жері деген мағынада (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1985: 28). Көне сөзге айналғаны болмаса, бастапқы тура мағынасы жойылмаған. Оның негізгі семалық бөлшектері кейінгі туынды мағыналардан да айып көрінеді. Арқа-адамның жота, жауырынын арқа деп атайды. Бұл ұғым-түсінік көне жазба ескерткіштеріне де, қазіргі тілімізге де тән болып келеді. *Өңлуг саиы арқасынан йадылу тұруп*. (Оның от сияқты шашы арқасында жайлып тұр). «Құтадғу білік» ескерткішінде ауыспалы мағынадан туған.

Лексикалық жағынан зат есімдер – мағыналық дербестікке ие, заттық ұғымды

білдіретін сөздер. Табиғат пен қоғамдық өмірдің ерекшеліктері неғұрлым сан алуан болса, соғұрлым тілде зат есімдер іспеттес дерлік қолданылған сөздер де сан алуан. Зат есімдер сезім мүшелері арқылы тікелей тануға болатын дүниедегі нақты заттардан адамның ақыл-ой қабілеттерімен ғана түсінілетін әртүрлі дерексіз ұғымдарға дейін жетеді. Материя ұғымына күнделікті өмірде болып жатқан қарапайым нәрселер ғана емес, табиғатта, қоғамдық өмірде кездесетін түрлі құбылыстар мен оқиғалар, ұғымдар да жатады. Лексикалық-семантикалық өрісі кең сөз таптарының бірі – зат есімдер.

Қазақ тіл білімінде ерекше орын алатын ғалымдар бар, солардың бірі – Е.Жанпейісов. Ғалым «Зат есімнің сөзжасамы» атты ғылыми мақаласында сөздің мағынасы мен құрылымының өзара байланысты екенін айта келіп, сөздің шығу тегі – ұзақ өмір сүрудің «материалдық қабығы» деп жазады. Ол бүгінде сөйлеу құрылымы өзгергенімен, өзінің алғашқы іздерін азды-көпті сақтап қалғанын атап көрсетеді. Автор мақаласының мәні, өзі жазғандай, Фердинанд де Соссюрдің пікірімен сәйкес келеді: «Единственным и истинным объектом лингвистики является язык, рассматриваемый в самом себе и для себя», яғни «тілді тілдің өзі арқылы зерттеу».

Қорытынды

Түркі халықтары келешек ұрпаққа орасан зор тарихи-мәдени, ғылыми, әдеби мұра қалдырды. Олардың қатарында XI-XII ғасырлардағы әдеби ескерткіштер, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу билиг» дастаны мен Ахмед Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны бар. Ғалымдарымыздың еңбектерінде осы екі жәдігер тіліндегі зат есімдер қазақ тіліндегі зат есімнің түбірлері мен негізіне қарай салыстырылып, талдау жүргізілді. Осының нәтижесінде пайда болған тілдік ерекшеліктер қазіргі ғылым жетістіктері тұрғысынан түсіндірілді. Көне түркі жазба ескерткіштері түркі халықтарының ортақ меншігі екенін бүкіл ғалымдар қауымы мойындайды. Көне түркі әдеби тілінің қалыптасуына қазіргі халықтардың ата-бабаларының барлығы дерлік қатысты. Бірақ белгілі бір рулық одақтардың қатысу дәрежесі әрбір шығарманың қай аймақта жазылғанына қарай өзгеріп отырды. Бұл әрбір ескерткішке оғыз, қыпшақ, қарлұқ-үйғыр тіл топтарының үлесі қандай деген сұрақ туындайды. Әр нұсқаның ескерткіштеріне негіз болған түркі тілдерінің өзара байланысын анықтау оңай шаруа емес. Ол үшін әрбір тарихи мұра жеке-жеке қарастырылып, ескерткішпен – бүкіл түркілермен байланыстырылады. Ұқсастық пен айырмашылықты анықтау үшін тілдің барлық салаларындағы ерекшеліктерді толық салыстыру қажет. Тарихи жәдігерлерді бір-бірімен салыстырып, олардың әрқайсысының ерекшеліктерін анықтаудың да ғылыми мәні бар. Орталық Азия мен Қазақстанда пайда болған көне түркі жазба ескерткіштері тілімен өлкеде тұратын халықтар тілінің туыстық дәрежесін ғылыми тұрғыдан айқындау түркітанудың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. XI-XII ғасырлардағы әдеби ескерткіштер тіліндегі зат есім мен қазіргі қазақ тіліндегі зат есімнің арақатынасын анықтаудағы мақсат осы іргелі міндеттердің талаптарынан туындайды. Бір буынды түбір және негізгі сөздерді Ә.Қайдар тұлғалық, мағыналық құрылымы тұрғысынан фонеморфосемантикалық табиғатын анықтау мақсатында танытады. Оның еңбегінде бір буынды байырғы зат есімдердің мағыналық дамуы фонетикалық және морфологиялық тұрғыдан сипатталған. Бұның алғашқы тамырларын жаңғыртуды ғалым Ж.Манкеева (Манкеева, 1991: 25) қолға алған. Сөздегі әрбір дыбыстың мағынасы бар. Оның семантикалық табиғаты лингвистикалық талдау арқылы анықталды. Әрбір дыбыстың барлық ерекшелік қасиеттерімен

қатар барлық құрылымдары болатынын даусыз. Демек, тілдегі фоносемантикалық құбылыстарды сөзжасам тұрғысынан зерттеудің тіл біліміне берері мол (Томанов, 1988: 17). Ғалым Қ.Хусейн ұлттық танымның сөзжасамдағы рөлін сөзге еліктеумен байланыстырады. Соның нәтижесінде тілдік фактілердің фонетикалық түбірі ашылып, жаңарып отырады. Тіліміздегі сөздердің дыбыстық, мағыналық ерекшеліктеріне фоносемантикалық құбылыстың әсерін жоғары. Ол үшін фоносемантика мәселесі қазақ тілінің материалы бойынша, сондай-ақ қажет болған жағдайда түркі тілдерінің материалдары бойынша бір және екі буынды түбір негіз деңгейінде зерттелді (Наджиб, 1979: 28). Ғалым түбірге мынадай анықтама бере отырып, түбір, негіз, сонымен бірге бір буынды сөздердің түбір сипатымен ұқсастығын да айта кетеді: «Тюркский корень есть наидревнейшая и историческая реальная единица языка, сохраняющая свою суть несмотря на постоянные фоно-морфосемантические изменения, происходящие в процессе агглютинативного развития строя тюркских языков. Он может структурно совпадать с первообразным словом, если оно не превышает одного слога. Во всех остальных случаях тюркский корень выступает как производная единица языка, где корень отражает в себе состояние статики, а слово – динамики». Осы көрсетілген анықтама түркі түбіріне берілген нақты түсіндірме деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер

Құлжанова Б. Байырғы зат есімдердің тарихи даму жолдары. – Алматы: Арыс, 2013. – 216 б.

Сағындықұлы Б. Алтын Орда ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 1987. – 48 б.

Керімұлы Ә. Түркі әдебиеті ескерткіштері тіліндегі сөз жасайтын жұрнақтар (XIV ғ.). – Алматы: Б.І. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 1999. – 11 б.

Сағындықұлы Б. «Ғибат-ул хақайық» – XII ғасыр ескерткіші. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 184 б.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. басқ. А.І. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1985. – 8 т. – 91 б.

Манкеева Ж.А. Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка. – Алматы: Наука, 1991. – 52 с.

Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 26 б.

Наджиб Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. – М.: Главная редакция восточной литературы, 1979. – 48 с.

References

Kulzhanova B. (2013) *Bajyrғы zat esimderdin tarihi damu zholdary*. – Almaty: Arys, 2013. – 216 b. [Kulzhanova B. (2013) *Ways of historical development of aboriginal nouns*. – Almaty: Arys, 2013. – 216 p.] (in Kazakh)

Sagyndykuly B. (1987) *Altyn Orda eskertkishteriniң tili*. – Almaty: Қазақ universiteti, 1987. – 48 b. [Sagyndykuly B. (1987) *The language of the monuments of the Golden Horde*. – Almaty: Kazakh University, 1987. – 48 p.] (in Kazakh)

Kerimuly A. (1999) *Turki adebiyeti eskertkishteri tilindegi soz zhasajтын zhurnaktar (XIV*

р.). – Алматы: Y. Altynsarin atyndagy Qazaqtyn bilim akademijasynyn respublikalyq baspa kabineti, 1999. – 11 b. [Kerimuly A. (1999) Word-formation suffixes in the language of monuments of Turkic literature (19th c.). – Алматы: Republican Printing Office of the Kazakh Academy of Education named after I. Altynsarin, 1999. – 11 p.] (in Kazakh)

Sagyndykuly B. (2002) «Hibat-ul hakajik» – XII gasyr eskertkishi. – Алматы: Qazaq universiteti, 2002. – 184 b. [Sagyndykuly B. (2002) «Hibat-ul hakayik» – Monument of the XII century. – Алматы: Kazakh University, 2002. – 184 p.] (in Kazakh)

Qazaq tilinin tusindirme sozdigi: 10 tomdyq / Zhalpy red. basq. A.Y. Ysraqov. – Алматы: Gylym, 1985. – 8 t. – 91 b. [Explanatory Dictionary of the Kazakh language: in 10 volumes (1985) / general editor A.

Y. Iskakov. – Алматы: Gylym, 1985. – 8 v. – 91 p.] (in Kazakh)

Mankeeva Zh.A. (1991) Rekonstrukcija pervichnyh kornej glagol'nyh osnov kazahskogo jazyka. – Алматы: Nauka, 1991. – 52 s. [Mankeeva Zh.A. (1991) Reconstruction of the primary roots of the verbal foundations of the Kazakh language. – Алматы: Nauka, 1991. – 52 p.] (in Russian)

Tomanov M. (1988) Qazaq tilinin tarihi grammatikasy. – Алматы: Mektep, 1988. – 26 b. [Tomanov M. (1988) Historical grammar of the Kazakh language. – Алматы: Mektep, 1988. – 26 p.] (in Kazakh)

Nadzhip Je.N. (1979) Istoriko-sravnitel'nyj slovar' tjurkskih jazykov XIV veka. – M.: Glavnaja redakcija vostochnoj literatury, 1979. – 48 s. [Nadjip E.N. (1979) Historical and comparative dictionary of Turkic languages of the XIV century. – M.: The main editorial office of Oriental literature, 1979. – 48 p.] (in Russian)